

**Зайсан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № 30-3 "Зайсан ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" шешімінің қолданысын тоқтата тұру туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан аудандық мәслихатының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 52-8/2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 7 сәуірде № 6861 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 1-тармағына сәйкес Зайсан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Зайсан аудандық мәслихатының 2018 жылғы 18 қыркүйектегі № 30-3 "Зайсан ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдардың мамандарына әлеуметтік көмек көрсету туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5-11-168 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 16 қазанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) шешімінің қолданысы 2020 жылдың 1 тамызына дейін тоқтатылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы  
Аудандық мәслихат хатшысы*

*Қ. Шалбарбаев  
Д. Ыдырышев*